

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 шілде N 1133. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12. N 578 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 P971037_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 4-қосымшада:

мәтіндегі "Денсаулықмині", "Экобиоресурстармині" деген сөздер тиісінше "Денсаулықагенттігі", "Табиғатқорғаумині" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Есірткі құралдары, Қазақстан Нашақорлыққа және психотроптық заттар Республикасының есірткі бизнесіне қарсы Үкіметі айқындаған күрес жөніндегі агенттік, тізбе бойынша Денсаулықагенттігі";

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Прекурсорлар Қазақстан Нашақорлыққа және Республикасының есірткі бизнесіне қарсы Үкіметі айқындаған күрес жөніндегі агенттік, тізбе бойынша Денсаулықагенттігі, Табиғатқорғаумині;

Улар Қазақстан Денсаулықагенттігі, Республикасының Табиғатқорғаумині"; Үкіметі айқындаған тізбе бойынша

2) көрсетілген қаулыға 5-қосымшада:

мәтіндегі "Денсаулықмині", "Экобиоресурстармині" деген сөздер тиісінше "Денсаулықагенттігі", "Табиғатқорғаумині" деген сөздермен ауыстырылсын; төртінші жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Есірткі құралдары, психотроптық заттар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тізбе бойынша Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттік, Денсаулықагенттігі";

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Прекурсорлар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тізбе бойынша Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттік, Денсаулықагенттігі, Табиғатқорғаумині; Улар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тізбе бойынша Денсаулықагенттігі, Табиғатқорғаумині".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі